

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мәдениет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 552 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 362 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 13 тамыздағы № 1031 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 13.08.2025 № 1031 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мәдениет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 552 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15929 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мәдениет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметке тарифті бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мәдениет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметке тариф осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес осы бұйрықты қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және

құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник

Р. Жақсылықов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2024 жылғы 12 сәуірдегі
№ 362 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 552 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мәдениет саласында маманданатын мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметке тариф 1-тарау. Ұлттық әскери-патриоттық орталық

Р/с №	Мекеме (филиал) атауы	Көрсетілетін қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Құны (теңге)
А12 көрсетілетін қызмет түрі – бейнетүсірілімді жүргізу				
1	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы және оның филиалы	ғылыми-танымдық	бір академиялық сағат	20 000
		деректі фильм		30 000
		көркем фильм		150 000
		клип		70 000
		бейнеролик	1 сағат	20 000
		Жеке құрамды, техниканы және қару-жарақты		500 000

		тартып, кино түсіру процесін ұйымдастыру	1 күн түсіру	5 000 000
A13 көрсетілетін қызмет түрі – іс-шаралар өткізу үшін залды, жабдық беру				
2	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы	Іс-шаралар өткізу үшін "Атриум" залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	50 000
			1 іс-шара	150 000
		Іс-шаралар өткізу үшін "Салтанат залын" беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	50 000
			1 іс-шара	250 000
		Іс-шаралар өткізу үшін "Конференц залын" беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	25 000
			1 іс-шара	100 000
		Іс-шаралар өткізу үшін кинозалды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	20 000
			1 ауысым	100 000
		Іс-шаралар өткізу үшін концерт залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	100 000
			1 іс-шара	200 000
		Жарық жабдығын беру бойынша көрсетілетін қызмет	күнтізбелік 1 күн	100 000
		LED экранын беру бойынша көрсетілетін қызмет	күнтізбелік 1 күн	200 000
		Іс-шаралар өткізу үшін концерт залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	100 000
			1 іс-шара	200 000
		Хореография залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	4 000
			1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	20 000
		Бұқаралық іс-шаралар үшін залды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	12 000
			1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	60 000
			1 ай	1 200 000
		Кинопавильон беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	6 000
			1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	30 000
			1 ай	600 000

3	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Алматы қаласындағы филиалы	Би залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	6 000
			1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	30 000
			1 ай	600 000
		Музыкалық студияны беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	1 500
			1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	5 000
			1 ай	100 000
		Аудитория беру бойынша көрсетілетін қызмет (үйірме және өзге де іс-шаралар үшін)	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	5 000
			1 ай	100 000
		Сыныптарды беру бойынша көрсетілетін қызмет (үйірме және өзге де іс-шаралар үшін)	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	3 000
			1 ай	60 000
		Театр алаңын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	15 000
			1 ай	300 000
		Қосалқы үй-жайы бар театр алаңын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	20 000
			1 ай	400 000
		№ 1 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	75 000
			1 ай	1 500 000
		№ 2 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	75 000
			1 ай	1 500 000
		№ 3 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	20 0000
			1 ай	400 000
		№ 4 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	35 000
			1 ай	700 000
		№ 5 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	45 000
			1 ай	900 000
		Салтанатты залды беру бойынша көрсетілетін қызмет (мәрмәр залы)	1 сағат	40 000
			1 іс-шара (3 сағаттан аспайды)	100 000
			1 ай	800 000
			1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	10 000

4	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Семей қаласындағы филиалы	Концерт залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 ай	200 000
		Студияны беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	4 000
			1 ай	80 000
		Сыныптарды беру бойынша көрсетілетін қызмет (үйірме және өзге де іс-шаралар үшін)	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	3 000
			1 ай	60 000
		Банкет залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (6 сағаттан аспайды)	8 000
			1 ай	150 000
А14 көрсетілетін қызмет түрі – іс-шара өткізу үшін шығармашылық ұжымды, әртістер беру				
5	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы	Би тобы (толық құрам – 16 қатысушы)	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	500 000
		Би тобы (орташа құрам – 10 қатысушы)	1 концерттік нөмір	60 000
			1 концерттік іс-шара	300 000
		Би тобы (кіші құрам – 6 қатысушы)	1 концерттік нөмір	50 000
			1 концерттік іс-шара	200 000
		Эстрадалық-симфониялық оркестр (35 қатысушы)	1 концерттік нөмір	150 000
			1 концерттік іс-шара	700 000
		Шекті аспап квартеті (4 қатысушы)	1 концерттік нөмір	50 000
			1 концерттік іс-шара	100 000
		Фольклорлық-этнографиялық топ (12 қатысушы)	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	300 000
		Жеке орындаушы (аспапшы, вокалист – 1 қатысушы)	1 концерттік нөмір	30 000
			1 концерттік іс-шара	150 000
		Хор (20 қатысушы)	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	300 000
		Орталық ансамбльдің толық құрамда өнер көрсетуі (эстрадалық-симфониялық ұжым, фольклорлық-этнографиялық топ, би	1 концерттік нөмір	700 000
			1 концерттік іс-шара	1 500 000

		тобы, шекті аспап квартеті, жеке орындаушы – вокалист, аспапшы, хор – 70 қатысушы)		
		Би тобы (толық құрам – 6 қатысушы)	1 концерттік нөмір	50 000
			1 концерттік іс-шара	600 000
		Эстрадалық-би тобының өнер көрсетуі (толық құрам – 24 қатысушы)	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	250 000
		Орталық әскери оркестрдің өнер көрсетуі	1 сағат	400 000
6	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Алматы қаласындағы филиалы	Әскери оркестрдің өнер көрсетуі	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	250 000

А15 көрсетілетін қызмет түрі – репетиторлық көрсетілетін қызмет – вокалға, хореографияға, музыкалық аспапта ойнауға үйрету және шығармашылық үйірме

7	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы және оның филиалы	Вокалдық өнерге үйрету	бір білім алушыға 1 сабақ (академиялық сағат) үшін	4000
		Гитарада ойнауға үйрету		4000
		Домбырада ойнауға үйрету		3500
		Фортепианода ойнауға үйрету		7000
		Саксафонда ойнауға үйрету		4000
		Скрипкада ойнауға үйрету		3000
		Баянда ойнауға үйрету		7000
		Хореографияға үйрету		4000

А16 көрсетілетін қызмет түрі – Қарулы Күштерге ведомстволық тиесілігі жоқ жеке және заңды тұлғалармен іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу (концерт, салтанатты іс-шара мен қабылдау, форум, конференция мен кинотүсірілім ұйымдастыру және өткізу)

	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері			
--	---------------------------------------	--	--	--

8	Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Қонаев қаласындағы филиалы	Балалармен патриоттық жиын ұйымдастыру	Жиын (күнтізбелік 24 күн)	3 414 400
		Өткізілетін мәдени-демалыс іс-шаралары шеңберінде қонақүй бойынша көрсетілетін қызметті ұйымдастыру	Люкс нөмірі, 1 тәулікке	10 000
			Жартылай люкс нөмірі, 1 тәулікке	7 000
			Стандартты нөмір, 1 тәулікке	5 000
9	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Алматы қаласындағы филиалы	Кинопавильонда кино түсіруді ұйымдастыру және өткізу	1 ауысым (12 сағаттан аспайды)	300 000
		Квест іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу	1 ауысым (12 сағаттан аспайды)	300 000

2-тарау. Мемлекеттік әскери-тарихи музей

Р/с №	Көрсетілетін қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігінің құны, теңге
1.	Кіру билеті		
	Ересек адамдарға	1 билет	500
	Студенттерге (растайтын құжатты көрсеткенде)		300
	Мектеп жасындағы балаларға және зейнеткерлерге (растайтын құжатты көрсеткенде)		200
2.	Ұжыммен бару үшін экскурсия (5-тен 20 адамға дейінгі топта)		
	Ересек адамдарға	1 билет	600
	Студенттерге (растайтын құжатты көрсеткенде)		400
	Мектеп жасындағы балаларға және зейнеткерлерге (		250

	растайтын құжатты көрсеткенде)		
3.	Кіру билеті (растайтын құжатты көрсеткенде) ҰОС, Ауған соғысының ардагері және оған теңестірілген; денсаулыққа байланысты мүмкіндігі шектеулі адам; ; 7 жасқа дейінгі бала; әскери қызметші; көпбалалы отбасы	1 билет	тегін
4.	Біліктілігін арттыру курсы, семинар, тренинг өткізу, сондай-ақ жоғары және орта оқу орнының студенттері, кино және теледидар, бұқаралық ақпарат құралының қызметкерлері, сондай-ақ әртүрлі фото және бейнеөнімді шығару, сұхбат пен телевизиялық бағдарламаны жазу кезінде консультант ретінде қатысуды қоса алғанда, басқа да мүдделі адамдар үшін білікті ғылыми консультация беру	1 сағат	30000
5.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Мемлекеттік әскери-тарихи музейі (бұдан әрі кестеде – ҚР ҚК МӘТМ) залының тақырыбы бойынша дәріс	1 дәріс	2000
	Көшпелі дәріс	1 дәріс	4000
6.	Жеке және заңды тұлғалар үшін көшпелі көрмені ұйымдастыру және өткізу		
	ҚР ҚК МӘТМ көрме павильонында СК экранмен, жарықтандырғышпен жаратандырылған аспалы шатыры бар көшпелі көрме	1 көрме	200000
	көрме павильонынсыз көшпелі көрме	1 көрме	100000

7.	Ғылыми жобаны әзірлеу бойынша көрсетілетін қызмет	1 ғылыми жоба	120000
8.	Музей экспозициясын жасау бойынша көрсетілетін қызмет	1 экспозиция	195000
9.	Экспонатты фото, бейнетүсіру, ҚР ҚК МӘТМ қорынан құжаттың көшірмесін жасау	санат	
	Қолдану құқығымен бір экспонатты (құжатты) фотоға түсіру, көшіру және сканерлеу:	1	2
	баспасөз басылымында жариялау құқығынсыз оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмысы үшін	1500	2000
	оқу және оқу-әдістемелік басылым үшін	2000	3000
	ғылыми басылымда жариялау үшін	3000	5000
	көрмеде қолдану үшін экспонаттың фотосуреті	4000	7000
	бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін	4000	15000
	ғылыми-танымдық және көркем басылымда, альбомда, каталогта жариялау үшін	7500	18000
	күнтізбені, ашық хатты, плакатты, жарнаманы жариялау үшін	10000	32000
	ҚР ҚК МӘТМ қорындағы бір экспонатты фото және бейнетүсіру (тапсырыс берушінің жеке фотоаппаратымен және бейнекамерасымен)		
	оқу бағдарламасы үшін	1975	12945
	жарнама үшін	11945	12475
	өзге де мақсаттар үшін	13975	35750
	ҚР ҚК МӘТМ залында және ашық аспан астындағы әскери техника павильоны		

10.	аумағында фото, бейнетүсіру		
	ҚР ҚК МӘТМ залында және ашық аспан астындағы әскери техника павильоны аумағында келушілер үшін дөңгелек шамды қоспағанда, штативсіз, қосымша жарықтандыру аспабынсыз әуесқойлық бейне, фотоға түсіру (өзінің бейнекамерасымен, фотоаппаратымен, мобильді телефонымен)	саны шектеусіз	1000
	ҚР ҚК МӘТМ залында және ашық аспан астындағы әскери техника павильоны аумағында кәсіби фотоға түсіру (жеке фотоаппаратпен, қосымша жабдықпен және тапсырыс берушінің заттарымен) – күрделілік деңгейі А – G дейінгі әртүрлі цифрлық фотосуретті орындау	1 сағат	1250 – 15000
11.	ҚР ҚК МӘТМ залында және ашық аспан астындағы әскери техника павильоны аумағында түсірілімнің түріне байланысты кәсіби бейне, теле, кинопүсірілім	Жобаның түрі, құны	
		коммерциялық	шетелдік
	бағдарламалық, акпараттық (1 сағат)	17750	23750
	деректі фильм (1 сағат)	35500	47000
	көркем фильм (1 сағат)	62500	100000
	Кәдесый және полиграфиялық өнімді жасау және өткізу		
	көлемі 3,5см х 3,5см баспасөз төсбелгісі	1 дана	500
	қабырғаға ілінетін күнтізбе	1 дана	1000
	экспонат, тарихи және мәдени мұра объектісі,		1500

12.	Қазақстан қалаларының көрікті жері бейнеленген магнит	1 дана	
13.	Басқа музей қорынан (құқық иесінің рұқсатымен) диорама, макет, модель, бұйым мен экспонат көшірмесін, сондай-ақ жеке коллекциядан көркем бұйым жасау бойынша көрсетілетін қызмет:		
	күрделі емес реконструкция	1 шаршы сантиметр	15000
	орташа күрделі реконструкция		25000
	күрделі реконструкция		40000
14.	Басқа музей қорынан бұйым мен экспонатты және жеке коллекциядағы көркем бұйымды реставрациялау		
	матадан жасалған бұйым, кілем-киіз бұйымы, былғары, станокты кескіндеме, қағаз негіздегі жұмыс:	1 шаршы сантиметр	
	күрделі емес реставрациялау (ашылған жерді желімдеу, тесілген жерді толтыру, майысқан жерді жою)		2000
	орташа күрделі реставрациялау (ашылған жерді желімдеу, тесілген жерді толтыру, майысқан жерді жою, дақты кетіру, химиялық өңдеу)		5000
	күрделі реставрациялау (негізді нығайту, жаңа негізге қайталау, негіз бен суреттің жоғалған фрагментін орындау)		10 000

	металл, ағаш, керамика, фарфор және басқа материалдан жасалған бұйым		
	күрделі емес реставрациялау	1 шаршы сантиметр	15000
	орташа күрделі реставрациялау		25000
	күрделі реставрациялау		40000
15.	Оқытып-үйрету үйірмесін, шеберлік сыныбын, квестіні, көркем студиясын ұйымдастыру және өткізу	1 сағат	1000

Ескертпе:

1. Көрме – құнына экспонат пен жабдықты жалға алу, қажет болған жағдайда экспозиционер көрсететін қызмет кіреді, көшпелі көрмені ұйымдастыру үшін мүлікті жеткізу шарт негізінде тапсырыс беруші есебінен жүзеге асырылады.

2. 1-санат – қосымша қор экспонаты.

3. 2-санат – негізгі қор экспонаты.

4. күрделілік деңгейі А – алтын және күміс бұйымды фотоға түсіру, құны 10075.

5. күрделілік деңгейі В – күшті жарық әсерінен жойылатын заттар, құны 15000.

6. күрделілік деңгейі С – көлемі 2,50х1,5 метрден асатын заттар, құны 6875.

7. күрделілік деңгейі D – А2, А1 стандарты бойынша, сондай-ақ стандартты емес картина мен фотоқұжатты фотоға түсіру, құны 6875.

8. күрделілік деңгейі Е – көркем фотосурет (стационарлық жарық, декорация), құны 4625.

9. күрделілік деңгейі F – көшпелі сессия, құны 2425.

10. күрделілік деңгейі G – техникалық фотосурет (арнайы дайындықсыз түсіру), құны 1250.

11. Түсірілім түріне байланысты – төлем жасау кезінде түсіру тобының ҚР ҚК МӘТМ аумағында нақты болу уақыты есептеледі.